

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау

«Алғабас ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-нің 2017 жылдың 8 айы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі туралы ақпарат

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес «аппараттың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау», «аппараттың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыттары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жұмыс тобымен 2017 жылдың 12-15 қыркүйегінде ішкі талдау жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі – 2017 жылғы 8 ай.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың жұмыс тобы мекеме өзінің қызметінде басшылыққа алатын кодекстер, заңдар, нормативтік құқықтық актілер, құқықтық актілер қарастырылды.

Мемлекеттік органның ережесін қарастыру барысында ауылдық округі әкімі аппаратының қызметіне және оларға байланысты нормативтік құқықтық актілерге («Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңы, 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі», 2003 жылғы 20 маусымдағы «Қазақстан Республикасының Жер кодексі», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңы, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 1 қаңтардағы Заңы) қатысты қызметіне талдау жасалынды.

Мекеменің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі бойынша:

Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы бойынша Алғабас ауылдық округі әкімі аппараты құрлымының және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітілді. Алғабас ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің штаттық саны -6.

Ағымдағы жылдың 8 тамызынан бастап жаңадан округ әкімі тағайындалды. Қызметкерлерінің басшымен мүдделер шиеленісі, теріс түсінік деректері анықталған жоқ, бөлім қызметкерлері орнықты жұмыс істеуде, кадрлар тұрақсыздығы жоқ, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен тыйымдарды бұзушылықтар анықталған емес.

Мекемеде 6 әкімшілік мемлекеттік қызметші аттестаттаудан өткен 1 мемлекеттік қызметші баласы 3 жасқа келмеуіне байланысты аттестациядан босатылды. Аттестация қорытындысымен 5 мемлекеттік қызметші атқаратын лауазымына сәйкес келеді деген шешім қабылданды.

Барлық мемлекеттік қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа шектеулер қабылдаған.

Ауылдық округі әкімі аппаратының барлық мемлекеттік қызметшілері Бас Прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің «Ақпараттық сервисі» базасы бойынша тексеруден өткен, сотталғандар жоқ.

Мемлекеттік сатып алу кезінде лауазымды тұлғалардың бірігуіне жол берілген жоқ.

Мемлекеттік сатып алуды өткізу мемлекеттік сатып алудың бекітілген жоспарына сәйкес ашық электрондық конкурспен, баға ұсынымдардың сұранысы және бір көзден сатып алу тәсілімен шартты тікелей жасасу жолымен жүзеге асырылады.

Мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ;

Мекемеде мемлекеттік қызмет көрсетудің төмендегі түрлері бойынша қызмет көрсетіледі:

1) жеке қосалқы шаруашылығы бар екендігі туралы тұрғындарға анықтама беру – 9 өтініш;

2) елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру - 4 өтініш;

3) жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;

4) сауда саттықты өткізуді талап етпейтін мемлекеттік меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу;

5) шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кері қарай үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну;

6) мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі жастағы балаларды кезекке қою.

Осы аталған мемлекеттік қызмет көрсету жұмыстары үшін тұрғындардан стандарттармен көзделмеген құжаттар талап етілмеген, қызмет көрсету мерзімдерін бұзу фактілері болмаған, ақпараттық жүйе тиісінше жұмыс істеуде, мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту фактілері болмаған;

Бұқаралық ақпарат құралдарында мекеменің мемлекеттік қызметшілеріне қатысты теріс материалдар анықтауға мониторинг жүргізіліп, зерттеу кезеңінде теріс материалдар анықталған жоқ.

Жеке және заңды тұлғалардан түскен өтініштер Заң талаптарына сай мерзімінде қаралып, орындалған. Есепті кезеңде жеке тұлғалардан барлығы 14 өтініш түсті, оның 6 –ы жеке қабылдауда түскен өтініштер.

Алғабас ауылдық округ әкімі аппаратының қызметкерлерінен бекітілген жазбаша функционалдық міндеттемелері бар және мемлекеттік міндеттерін атқаруы кезінде мемлекеттік және еңбек тәртіптерін сақтаулары үнемі талап етіліп, тапсырылады.

